

Ереже
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының
Басқарма Төрағасы жанындағы республикалық оқушылардың Ата-
аналары кеңесі туралы

1. Жалпы ережелер

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – Зияткерлік мектептер) Басқарма Төрағасы жанындағы республикалық оқушылардың ата - аналар кеңесі туралы осы ереже ДББҰ Басқармасының 2012 жылғы 16 тамыздағы № 33 шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі –ДББҰ) Білім беру қызметінің Қағидаларына сәйкес әзірленді (бұдан әрі - Білім беру қызметінің ережелері).
2. Осы ереже Зияткерлік мектептердегі Басқармасы Төрағасының жанындағы Ата-аналар кеңесінің мәртебесін, құрамын, негізгі міндеттерін, сондай-ақ оның мүшелерінің құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.
- 3.Зияткерлік мектептердегі Басқармасы Төрағасының жанындағы Ата-аналар кеңесі (бұдан әрі – Ата-аналар кеңесі) - ата-аналар мен мектептердің жүйелі және сындарлы ынтымақтастығы арқылы балалардың білім беру үдерісіне ата-аналардың кеңейтілген тұрғыда қатысуына ықпал ету мақсатында әрекет ететін Зияткерлік мектептердің тұрақты жұмыс істейтін алқалы өзін-өзі басқару органы.
4. Ата-аналар кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Білім туралы заңын, осы Ережені және ДББҰ-ның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

2. Жалпы ережелер

5. Ата-аналар кеңесінің негізгі міндеттері:

- 1) ДББҰ, Басқарма Төрағасы, ата-аналар қоғамы және қоғамдық ұйымдар арасында оқушылардың мүддесі үшін сындарлы ынтымақтастықты қамтамасыз ету;
- 2) ДББҰ мен Басқарма Төрағасына оқушылардың білім беру процесінің қолайлы жағдайларын жетілдіруге жәрдемдесу;
- 3) Аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ қиын өмірлік жағдайларға тап болған оқушыларға көмек көрсету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;
- 4) Зияткерлік мектептердің педагогикалық және басқа да қызметкерлерінің еңбек жағдайларын ұйымдастыруға, жақсартуға ықпал ету;

- 5) Ата-аналар қауымдастығына түсіндіру және кеңес беру жұмыстарын жүргізу;
 - 6) Зияткерлік мектептердің ата-аналар комитеттерінің жұмысын үйлестіру;
 - 7) Зияткерлік мектептерде оқушылардың кәсіптік бағдарлануын және басқа да жалпы мектептік, желілік іс-шараларды жүргізуге ықпал ету;
 - 8) Ата-аналармен бірлесіп оқушылар үшін тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;
 - 9) Ата-аналарды желілік деңгейдегі жобаларға белсенді тарту. Ата-аналар университеті, Ақылды бейсенбі, Readx, және т.б. әлеуметтік жобалар.
 - 10) Оқушылардың жазғы әлеуметтік тәжірибеден өтуі кезінде ата-аналардың ұйымдастырылуы және жауапкершілігі;
 - 11) Басқарма Төрағасының тапсырмасы бойынша Ата-аналар кеңесінің құзыретіне осы Ережемен енгізілген мәселелер бойынша өтініштерді қоса алғанда, өз атына келген өтініштерді қарау;
6. Кеңес Мектептің білім беру мазмұны мен оқу бағдарламалары бойынша саясатына қатысты шешім қабылдау процесіне араласпайды және оларға түсініктеме бермейді.

3. Ата-аналар кеңесін құру тәртібі

7. Ата-аналар кеңесінің құрамына әрбір Зияткерлік мектептен кемінде бір оқушының ата-анасының (занды өкілдерінің) өкілдері кіреді. Аталмыш өкілдер жыл сайын оқу жылының басында жалпы мектептік ата-аналар жиналысында сайланады және өкіл (дер) туралы ақпарат Балалардың игілігі департаментіне жіберіледі.
8. Ата-аналар кеңесін оқу жылының басында отырысқа қатысушылардың басым дауысымен (көпшілік дауыс жинаған ата-ана) осы кеңес құрамынан сайланған басшы басқарады. Ата-аналар кеңесінің өкілеттік мерзімі - 1 жыл.
9. Кеңес аталмыш кеңес құрамынан жиналыстар хаттамасын жүргізуге кеңестің хатшысын таңдауға әрі тағайындауға құқылы.
10. ДББҰ мен Зияткерлік мектептердің қызметкерлері Ата-аналар кеңесінің мүшелері бола алмайды.
11. Кеңес мүшелері Ата-аналар кеңесінің құрамына ене отырып, этикалық кодекске қол қояды (1-қосымшаны қараңыз), Этикалық кодекс жыл сайын өткізілетін жиналыстың басында Ата-аналар кеңесінің жаңа құрамына жаңадан сайланған басшымен дауыстап оқылады.
12. Этикалық кодексті бұзған жағдайда кеңес мүшесі Ата-аналар кеңесінің құрамына қайтадан кіру құқығынсыз кеңестен шығарылуға тиіс.

4. Ата-аналар кеңесінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі

13. Осы Ережеге сәйкес Ата-аналар кеңесі құқылы:

1) ДББҰ Басқарма Төрағасы мен құрылымдық бөлімшелеріне осы Ережеде белгіленген мәселелер бойынша ДББҰ қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар беруге;

2) ДББҰ Басқарма Төрағасына және құрылымдық бөлімшелеріне ДББҰ қызметі туралы түсініктеме алу үшін жүгінуге;

3) ДББҰ Басқарма Төрағасынан және құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат тыңдауға және алуға;

4) Кеңестің қызметі бойынша ішкі актілерді әзірлеуге және қабылдауға;

5) Ата-аналар кеңесінің отырысын шақыру қажеттілігі туралы мәселеге (Басқарма төрағасының келісімі бойынша) бастамашылық жасауға құқылы.

14. Ата-аналар кеңесі міндетті:

1) Кеңестің отырысында қабылданған шешімдерді уақытылы және сапалы орындауға міндетті;

2) Осы Ереженің 1-қосымшасында белгіленген Әдеп кодексін сақтауға міндетті.

15. Басшы және кеңестің басқа мүшелерін қамтитын Ата-аналар кеңесі жүктелген міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

Ата-аналар кеңесі жауап береді:

1) Оқу жылына бекітілген жұмыс жоспарын орындау;

2) Ата-аналар кеңесінің шешімдерін, ұсынымдарын орындау;

3) Басқарма Төрағасы, ДББҰ және ата-аналар қауымдастығы арасында сындарлы өзара іс-қимыл мен өзара түсіністік орнату;

5. Ата-аналар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру

16. Ата-аналар кеңесі Басқарма төрағасымен келісілген жоспар бойынша жұмыс істейді.

Ата-аналар кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай, дегенмен жылына кемінде 2 рет өткізіледі.

17. Ата-аналар кеңесі өз жұмысы туралы Зияткерлік мектептер филиалдарындағы жалпы мектеп жиналыстарында мектептердің ата-аналар комитеттеріне есеп береді.

18. Ата-аналар кеңесі қатысушылардың кемінде 60% кворумы болған кезде шешім шығаруға құқылы.

Шешімдер көпшіліктің басым дауысы арқылы қабылданады. Егер кворум болмаған жағдайда отырыс қайта жарияланады.

19. Ата-аналар кеңесінің отырыстарына Басқарма төрағасы, Кеңес жұмысын үйлестіруге жауапты ДББҰ қызметкері және лауазымдық құзыретіне ата-аналармен өзара іс-қимыл кіретін басқа да адамдар қатыса алады.

20. Күн тәртібін көрсете отырып, отырыс күні туралы хабарлама кемінде 14 күн бұрын жарияланады.

6. Ата-аналар кеңесінің басқа басқару органдарымен өзара іс-қимылы

21. Ата-аналар кеңесінің қызметі мен отырыстары ДББҰ Басқарма төрағасының тікелей қатысуымен жүргізіледі.

22. Ата-аналар кеңесі филиалдардың ата-аналар комитеттерімен тікелей филиалдардың атынан өкілдік ететін Кеңес мүшелері арқылы өзара іс-қимыл жасайды.

23. Филиалдардың өкілдері Ата-аналар кеңесінің шешімін танысу үшін филиалдардың ата-аналар комитеттеріне ұсынады.

7. Құжатты жүргізу

24. Ата-аналар кеңесінің отырыстары хаттамамен ресімделеді. Ата-аналар кеңесі отырысының хаттамаларында күн тәртібіне шығарылатын мәселелер мен қабылданған шешімдерді талқылау барысы тіркеледі.

Хаттаманы хатшы жүргізеді, оған хатшы мен басшы қол қояды.

25. Отырыстардың хаттамаларын нөмірлеу оқу жылының басынан бастап жүргізіледі.

Қосымша 1

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымының Басқарма Төрағасы жанындағы Республикалық оқушылардың Ата-аналары Кеңесі туралы Ережеге

Ата-аналар кеңесінің этикалық кодексі

Ізетті қарым-қатынас. Мен мектеп қауымдастығының барлық мүшелеріне, соның ішінде мұғалімдерге, қызметкерлерге, басқа ата-аналар мен оқушыларға құрметпен және ізеттілікпен қараймын.

Құпиялылық. Ата-аналар кеңесінің мүшесі ретінде мен Кеңесте және басқа қатысушылармен қарым-қатынас кезінде алынған ақпаратты жарияламау үшін толық жауапкершілікті аламын.

Жанжалдарды шешу. Жанжалдар немесе келіспеушіліктер туындаған жағдайда мен оларды жанжалдарды шешудің белгіленген рәсімдерін сақтай отырып, құрмет деңгейінде және сындарлы түрде шешемін.

Әлеуметтік желілердегі мінез-құлық. Менің әлеуметтік медиа әрекеттерім бүкіл мектеп қауымдастығына әсер етуі мүмкін екенін түсінемін. Сондықтан мен әлеуметтік медианы пайдалануға жауапкершілікпен қараймын және қорлайтын, қате пікір тудыратын немесе орынсыз материалдарды жариялаудан аулақ боламын. Мен әлеуметтік медианы мектеп қауымдастығындағы оң қарым-қатынасқа, ынтымақтастыққа және өзара әрекеттесуге ықпал ететін құрал ретінде қолданамын.

Рөлдік модель. Кеңес мүшесі және ата-ана ретінде Мен мектеп қауымдастығына белсенді қатысушы, ынтымақтастығын және қолдауын көрсетуші ретінде, басқа ата-аналарға үлгі көрсетемін.

Қоғамға қызмет ету және жеке қызығушылық. Ата-аналар кеңесінің мүшесі ретінде менің мақсатым бүкіл мектеп қауымдастығына тек өз балам мен өзім ғана емес, барлық балалардың мүддесі үшін көмектесу екенін түсінемін. Балам туралы сұрақтар туындаған кезде, Мен бұл сұрақтарды басқа уақытта мұғалімдермен немесе мектеп әкімшілігімен жеке сөйлескен кезде талқылағанды жөн көремін.